



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ 2009-2021 ЖЖ.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ ЖӘНЕ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ 2021

Деректер 2021 жылғы 1 қыркүйектегі халық санағын жүргізу кезінде әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес келтірілген

ХАЛЫҚ САНЫ

Халық санағы бойынша Қазақстан Республикасы халқының жалпы саны 3 176 418 адамға артты - 2009 жылы 16 009 597 адамнан 2021 жылы 19 186 015 адамға дейін.

Ең тығыз қоныстанған өңірлер Алматы және Түркістан облыстары және Алматы қаласы болып табылады, ел халқының ең аз үлесі бар өңірлер Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Атырау облыстары болып табылады.

Қазақстан Республикасының халқын жынысы мен жергілікті жердің түрі бойынша бөлу

2009

👤 51,8% 👤 48,2%


🏠 ҚАЛА 🏡 АУЫЛ
56,1% 43,9%

2021

👤 51,4% 👤 48,6%

🏠 ҚАЛА 🏡 АУЫЛ
61,2% 38,8%

Қазақстан Республикасының халқын өңірлер бойынша бөлу (%)





ХАЛЫҚТЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ-ЖАСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстан халқының саны 2021 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 19,8% - ға өсіп, 19 186 015 адамды құрады. Ерлер саны - 9 324 840, яғни 1 612 616 адамға немесе 21% - ға артты, әйелдер саны - 9 861 175, яғни 1 563 802 адамға немесе 19%-ға артты. Ерлер мен әйелдердің арақатынасы біршама артты - 2021 жылы 1000 әйелге шаққанда 946 ер адам (2009 жылы 1000 әйелге шаққанда 929 ер адам).

2009 жылғы халық пирамидасы балалардың біршама аз санымен, 15-35 жас аралығындағы адамдар когортасында айтарлықтай өсумен және пирамиданың жоғарыға қарай тарылуымен сипатталады. Тарылған негіз еңбекке қабілетті жастағы халықтың едәуір үлесінде орташа тууды көрсетеді. Халықтың пропорцияларының біртіндеп тарылуы алдағы уақытта халықтың қартаюуының кейбір белгілері бар екенін көрсетеді. Бұл өз кезегінде жас ерекшеліктерінің біртіндеп өзгеруіне байланысты қарт адамдарға күтім жасау қызметтері мен егде жаспен байланысты медициналық көмекке сұранысты арттыруы мүмкін. Мұндай пирамида әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге ұшыраған елдерге тән.

Сонымен қатар, 2021 жылғы санақ жас халық пирамидасының белгілерін көрсетеді, себебі балалар мен жастардың көптігін білдіретініне негіз бар. Бұл пирамида туудың жоғары деңгейімен және өлім-жітімнің төмендеуімен сипатталады, жас буын топтарындағы халықтың үлесі жоғары. Бұл пирамида болашақта Қазақстанда халықтың айтарлықтай өсуі байқалатынын және жастардың денсаулығын сақтауға, біліміне және жұмысқа орналасуына көбірек инвестиция салу қажет болатынын көрсетеді. 2009 жылғы санақ бойынша бірде-бір халық когортасы бір миллион адамға жақындамағанын және жетпегенін көрсетеді. Ал 2021 жылғы санақ қорытындылары бойынша бұл екі жыныстың да алғашқы екі жас когортасында бір миллионға жетуі байқалады. Бұл өзгерістер 10 жыл ішінде жасарған демографиялық пирамидамен және халықтың 3 миллионнан астамға артуын көрсетеді.

Егде жастағы халық когорттарының саны да өсті: 60 және одан жоғары жастағы халық саны 1,6 есе өсті, бұл жалпы халықтың 13%-ын құрады (2009 жылы 9,7%), 60-64 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер когортасында екі еседен астам артты, 70 және одан жоғары жастағы ерлер санынан әйелдер саны екі есе артты. Бұл алдыңғы санақтың нәтижелері бойынша қарт адамдарға күтім жасау бойынша медициналық және әлеуметтік қызметтерге сұраныстың артуы туралы болжамды растады.




ХАЛЫҚ САНЫ

Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарынан басқа барлық өңірлерде соңғы екі санақ арасындағы кезеңде халық санының артуы байқалды.

Халық санының салыстырмалы төмендеуі Солтүстік Қазақстан облысында - 9,3%-ға, одан кейін Қостанай облысында - 5,9%-ға және Шығыс Қазақстан облысында - 4%-ға болды.

2009-2021 жылдар аралығында халық саны ең көп артқан өңірлер үштігіне Маңғыстау облысы кіреді, онда өсім 51,4%, Атырау облысы - 32% және Алматы облысы - 24,5%. Басқа аймақтарда да халық санының өсуі байқалады, бірақ ол аталған үш аймаққа қарағанда 20,1% - дан аспайды.




УРБАНДАЛУ

2009 және 2021 жылдардағы халық санағы арасындағы кезеңде Қазақстан өңірлеріндегі қала халқының санының өзгеруі (%)

Қазақстанның барлық өңірлерінде урбандалудың жалпы үрдісі байқалады. Қала халқының ең көп өсуі Қазақстанның үшірі қаласы – Астана (101,3%), Алматы (40%) және Шымкент (52,2%) қалаларында байқалады. Ең елеулі өсім Астана қаласында байқалады, оның халқы екі санақ арасындағы кезеңде екі еседен астам артқан.


Өңірлік урбандалу тұрғысынан оның ең жоғары деңгейі Атырау облысында байқалады, онда қала халқының саны 39,9%-ға, одан кейін Батыс Қазақстан - 36,6%-ға және Маңғыстау облысы-34,7%-ға өсті. Ең төмен өсу көрсеткіштері, Павлодар облысында - 5,7%, Шығыс Қазақстанда - 5,6% және Қарағанды облысында - 4,4% байқалады.



2009 және 2021 жылдардағы халық санағы арасындағы кезеңде Қазақстан өңірлеріндегі ауыл халқы санының өзгеруі (%)



Ауылдық жерлерде тұратын халық саны екі санақ арасында айтарлықтай қысқарған. Көптеген облыстарда ауыл халқының салыстырмалы түрде төмендеуі байқалды.

Ауыл халқының саны Қостанай облысында - 23,6%-ға және Солтүстік Қазақстан облысында - 21,5%-ға, Шығыс Қазақстан облысында - 16,1% - ға азайды. Ауыл халқының ең көп өсуі Маңғыстау облысында - 68,8%, Атырау облысында - 23,4% және Алматы облысында - 23,3% байқалды.



Неке жағдайы бойынша халық

2009 2021



2021 жылғы санақ мәліметтері бойынша мемлекеттік тілді меңгерген 5 және одан жоғары жастағы халық (%)


80,1%

Меңгерген


19,9%

Меңгермеген


Діни наным бойынша халық



Халықтың ұлттық құрамы




15 және одан жоғары жастағы жұмыспен қамтылған халық




15 және одан жоғары жастағы халық білім деңгейі бойынша

2009 2021



Жынысы бойынша жұмыспен қамтылған халық



Жергілікті жердің түрі бойынша жұмыспен қамтылған халық

